

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА

26 қыркүйек 2023 жыл

№: AIFC-C/CFI/2023/0002 ic

MICHAEL WILSON & PARTNERS, LIMITED

Талап қоюшы

қарсы

(1) CJSC KAZSUBTON және (2) KAZPHOSPHATE LLP,
(3) KAZPHOSPHATE LIMITED компанияларына

Жауапкерлер

ШЕШІМ

Сот Төрағасы:

Мәртебелі Лорд Манс

ШЕШІМ

Кіріспе

1. Бұл істе Талап қоюшы АХҚО сотына:
 - a. Англияның Жоғарғы Соты Бірінші және Екінші жауапкерлерге (тиісінше CJSK KAZSUBTON және Kazphosphate LLP) қарсы тиісінше, 2004 жылғы 12 мамыр мен 4 тамызда (2013 жылғы 21 тамыздағы өзгертулермен және толықтырулармен қоса) пайызбен қоса £111,401,70 негізгі сомасына шығарған шешімді; және / немесе
 - b. ағылшын сотының осы шешімдерін Азаматтық және коммерциялық істер бойынша сот шешімдерінің юрисдикциясы, танылуы және орындалуы туралы Брюсель регламентінің 38-бабына сәйкес тани отыра және мәжбүрлеп орындатуға рұқсат беріп, Нидерланды Соты 2013 жылғы 22 қазанда және 6 қарашада шығарған шешімдерді мәжбүрлеп орындату жөнінде бұйрық шығару туралы талаппен жүгініп отыр.
2. Екі шешім де, мәлімделіп отырғандай, Талап қоюшы - АХҚО сотында Майкл Уилсон мырзаның өзі өкілдік еткен Британдық Виргин аралдарында тіркелген Michael Wilson and partners, Limited компаниясы Бірінші және Екінші жауапкерлерге көрсеткен заң қызметтері үшін төленбеген ақыларға қатысты.
3. Істі АХҚО сотында қарау Сотқа 2022 жылғы 23 желтоқсанда берілген және Сот Қағидаларының 4-қағидасына сәйкес мөрмен куәландырылған және 2023 жылғы 10 ақпанда Сот ресми тіркеген Талап арыздың стандартты нысанын беруден басталды. Онда екеуі де қазақстандық компания болып табылатын Бірінші және Екінші жауапкер «Жауапкерлер/Сот борышкерлері», ал үшінші компания - ағылшын компаниясы Kazphosphate Limited («KPL») «Жауапкер/Үшінші тарап»деп аталды. Берілген құжаттардың негізінде іс 2023 жылғы 17 мамырда Астана қаласында өткен ауызша тыңдаудың нысанасына айналды, онда Сот алдында Талап қоюшының, Екінші жауапкердің және KPL-дың өкілдері сөз сөйледі (бірақ Бірінші жауапкердің емес): ары қарай төмендегі 14 және 15-тармақтарды қараңыз.
4. KPL-дың болжалды қатысушының сипаты Талап арызда қосымша түсіндірілмеген; алайда 2023 жылғы 10 наурыздағы Негізгі ұсынымдарда Талап қоюшы былай деп мәлімдейді:
 - a. «құқық пен фактілерге сәйкес KPL [Екінші жауапкердің] жалғыз қатысушысы» болып табылады және «қазақстандық заңнамаға сәйкес [Екінші жауапкердің] жалғыз қатысушысы және түпкі басқару органы бола отырып, KPL оның ажырамас бөлігі болып табылады» деп мәлімдейді; және әрі қарай
 - b. KPL «оның өзара тану және мәжбүрлеп орындатуға рұқсат беру туралы өтініші қанағаттандырыла салысымен өндірітіп алуға Талап қоюшының құқығы бар» активімен Қазақстан Республикасының аумағында Екінші жауапкер алдында ақшалай берешегі бар борышкер болып табылады.

Сонымен қатар, Талап қоюшы 2023 жылғы 17 мамырда іс бойынша тыңдау өткізілгенге дейін берген 2023 жылғы 11 мамырдағы жазбаша ұсынымда Талап қоюшы былай деп көрсеткен:

 - c. «Бұдан басқа, [Талап қоюшының] екі Жауапкерге де, сондай-ақ Үшінші Бөгде Борышкерге де қатысты үшінші тараптардың борыштары туралы 07.05.19-дан бастап осы уақытқа дейін күшіне енген және олар байланысты болған сот бұйрығы бар және оған сәйкес Үшінші Бөгде Борышкердің [Екінші жауапкер] алдындағы барлық борыштары мен дебиторлық

берешегі берешекті [Талап қоюшының] сот шешімі бойынша мәжбүрлеп өндіріп алу мақсатында тоқтатылған және оған тыйым салынған».

5. Талап арыздың стандартты нысанында оны пайдалану кезінде «Талап қоюшының/ Шағымданушының пікірінше, дауды реттейтін құқықты; Талап қоюшының/ Шағымданушының пікірінше, олардың арызына қатысты Соттың юрисдикциясы үшін негіз беретін заң ережесін» көрсету керек»; одан әрі қарай, «Талап арыздың егжей-тегжейі» бөлімінде «АХҚО сотының юрисдикциясы бар екенін растайтын негізді» көрсету керек деген нұсқау бар. АХҚО сотының 4.22 ережесіне сәйкес, бұл талаптар Талап арыздардың барлық нысандарына қойылады.
6. Толтырылған Талап арыз нысанында мыналар көрсетілген:

«ӨТІНІШ БЕРУ ҮШІН НЕГІЗ

- 6.MWP Соттан «Астана «халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V Конституциялық заңының (2020 жылғы 11 қаңтардан бастап күшіне енетін 2019 жылғы 30 желтоқсандағы өзгерістер мен толықтырулармен қоса) 13-бабына сәйкес, шешімдерді өзара тануды және оларды АХҚО сотында орындауға рұқсат беруді сұрайды»).
7. Талап арыз маған Төраға ретінде ұсынылды және Тіркеуші менің өтінішім бойынша 2023 жылдың 15 ақпанында Талап қоюшыға келесі хатты электрондық пошта арқылы жіберді және оның көшірмесінде барлық аталған Жауапкерлер көрсетілді:

«Осы өтінішті қолдау үшін сілтеме жасалған юрисдикцияға Конституциялық Заңның 13-бабы негіз болып табылады (Сот Регламентінің 26 (1) бабында қайталанған). АХҚО сотына 13-бап пен 26(1) бап юрисдикция үшін әртүрлі іс жүзіндегі гипотезалар негізінде туындайтын негіздер береді. Талап арызда осы юрисдикция негіздерінің қайсысы және іс жүзіндегі негізде қолданылатыны көрсетілмеген. Сондықтан, соттың пікірінше, Талап арыз оған қоса берілген «Талап қоюшыдың пікірінше, оның өтінішіне қатысты Соттың юрисдикциясы үшін негіз беретін заң ережесін» және «АХҚО сотының юрисдикциясының бар екенін растайтын негізді» көрсету талап етілген Талап арызға Ескертпелерге сәйкес келмейді. Сот осы хатқа 2023 жылғы 27 ақпанда дүйсенбіде Астана қ. уақыты бойынша сағат 18:00-ге дейін сотқа берілуі тиіс жауапта Талап қоюшы осы тармақтарға жауап беруін талап етеді».
 8. Осы сұрауда көрсетілген мерзім кейіннен 2023 жылдың 10 наурызына дейін ұзартылды. Осы күнге Талап қоюшы жоғарыда аталған Негізгі ұсынымдарды берді. Оларда ол өзінің тану және мәжбүрлеп орындатуға рұқсат беру туралы арызы «талап қою» емес, жай ғана арыз екенін мәлімдеді, бұдан шығатыны, оның, соның ішінде, Конституциялық Заңның 13-бабына немесе Регламенттің 26(1) бабына сәйкес келуін талап етудің қажеттігі және мақсаттылығы жоқ. Осы негізде Соттың 2023 жылдың 15 ақпанында электрондық пошта арқылы жіберілген нұсқауы мақсатқа сәйкес емес деп мәлімделді.

Юрисдикцияға қатысты өкілдік ету

9. Сонымен қатар Негізгі ұсынымдарда Талап қоюшы Екінші жауапкер мен KPL өздерінің қатысуын сөзсіз растады және осы арқылы АХҚО сотының юрисдикциясын мойындады деп мәлімдеді.
10. Бұл аспектіге қатысты позициям келесідей.

- a. Сот Талап арызды тіркеу туралы 2023 жылғы 10 ақпанда электрондық пошта арқылы сол күні хабарлап, былай деп көрсетті:
- «Жауапкерлер **2023 жылғы 10 наурыз, жұма күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18:00-ге дейін** осы электрондық поштаға жауап бере отырып, талап бойынша қарсылық беруі тиіс».
- b. Табыстау туралы растаманы KPL 2023 жылдың 24 ақпанында, ал Екінші жауапкер - 2023 жылдың 7 наурызында берген, әр жағдайда юрисдикция дауланатыны көрсетілген.
- c. KPL 2023 жылғы 9 наурызда Астана қаласының уақыты бойынша сағат 15:09-да АХҚО сотының KPL-ға қойылған талапты қарауға қатысты юрисдикциясы жоқтығы туралы бұйрық шығару жөнінде өтініш беріп,
- а) KPL-ге қандай да бір талап қою жоқтығына, (б) Сот юрисдикциясын Конституциялық Заңда және Сот қағидаларында анықталғанына және (в) Талап қоюшының Сот юрисдикциясының негізін талап қою нысанында көрсетпегеніне сілтеме жасаған.
- d. 2023 жылғы 9 наурызда сағат 16:40-та Сот барлық Жауапкерлердің кез-келген іс-әрекетінің мерзімін, соның ішінде, атап айтқанда, Қағидалардың 7 және 8-бөліктерін сақтау мерзімін «Талап қоюшы Соттың 2023 жылғы 15 ақпандағы электрондық хатында көрсетілген талаптарға сәйкес немесе одан әрі қарайғы бұйрыққа дейін өзінің Арыз нысанын толықтырғаннан кейін 14 күнге дейін» ұзартты.
- e. 2023 жылдың 10 наурызында Талап қоюшы жоғарыда аталған Негізгі ұсынымдарды берді.
- f. 2023 жылдың 16 наурызында Екінші жауапкер Соттың юрисдикциясы жоқтығы туралы бұйрық шығару туралы арыз берді.
- g. 2023 жылдың 23 наурызында KPL компаниясы Талап қоюшының 2023 жылдың 10 наурызындағы Негізгі ұсынымдарына сілтеме жасап және алдыңғы мәлімдемесін кеңейте отырып, қосымша өтініш берді.
- h. Бірінші жауапкер табыстау туралы растаманы да, қарсылықтарды да берген жоқ, талқылау шеңберінде қандай да бір басқа қадамдар жасаған жоқ.
11. 2023 жылдың 30 наурызында Сот бұйрық шығарды, оған 2023 жылдың 10 сәуірінде өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес бірінші қадам ретінде соттылық мәселесі, соның ішінде мыналар анықталатын болады:
- «анықтама:
- а. Сот Қағидаларының 7 және 8-бөліктерінің мағынасы бойынша талап арыз нысаны талап етіле ме;
- б. юрисдикцияның Конституциялық Заңның 13-бабында немесе АХҚО соты Регламентінің 26(1) бабында көрсетілген қандай да бір негізіне сілтеме жасау қажет пе;
- с. Жауапкерлер мәлімдеген кейбір немесе барлық Жауапкерлердің Қазақстанмен қандай да бір байланысы бар ма, немесе егер олардың бар екендігі анықталса, Сот тарапынан қандай да бір юрисдикцияның бар болуы үшін олардың маңызы болуы мүмкін бе; осы кезеңде бұл

мұндай байланыстардың шындығында бар-жоғын қарастыруды көздемейді;

d. Екінші және / немесе Үшінші жауапкер Талап қоюшының болжамды сот шешімдерін тану және орындау туралы арызына қатысты АХҚО сотының юрисдикциясын мойындай ма;

e. осы сұрақтарға жауаптардың аясында Талап қоюшының сот шешімдерін тану және орындау туралы арызын қанағаттандыру, істі жалғастыруға рұқсат беру керек пе немесе оны қабылдамау керек пе».

12. Сот бұл мәселелердің барлығы Соттың қарауына берілгеннен басқа қосымша дәлелдемелерді қажет ететін қандай да болмасын мәселелерді қараусыз шешуге болатын болып көрінеді деп қосты; алайда, егер қандай да бір Тараптың пікірі өзгеше болса, ол 14 күн ішінде өзі сілтеме жасағысы келетін қосымша дәлелдемелердің сипатын көрсетуге құқылы, сонда Сот мұндай қосымша дәлелдердің қаншалықты қажет болғанын немесе жоғарыда келтірілген Бұйрыққа қандай да бір өзгерістер енгізу қажет пе екенін қарастырады.
13. 2023 жылдың 24 сәуірінде Екінші жауапкер сот талқылауына байланысты осы күнге дейін жұмсалынды делінген 6 600 АҚШ доллары көлеміндегі шығыстарды Талап қоюшының төлеуі туралы бұйрық шығару туралы арыз берді, сондай-ақ 10 000 АҚШ доллары көлемінде бірінші дәрежелі халықаралық банктің қайтарылмайтын кепілдігі түрінде Екінші жауапкердің шығыстарын қамтамасыз етуді ұсынды.
14. Соттың 2023 жылғы 30 наурыздағы нұсқауларына сәйкес, соттылық туралы мәселе сәрсенбі, 2023 жылдың 17 мамырында беруге және кейіннен шешім шығаруға арналған 2023 жылдың 5 мамырындағы тізімге енгізілді. Тыңдаулар өткізіліп, мәселелер мәні бойынша толығымен аргументтелген, ал шығындар айтарлықтай дәрежеде (егер толық болмаса) көтерілген жағдайда, Сот шығыстарға қатысты қамтамасыз ету болсын немесе тікелей болсын қандай да бір аралық бұйрық шығармай, істі мәні бойынша шешіп, шығыстарды осыдан кейін барып қарауы керек деп санайды.
15. Сот отырысының мақсаты үшін Сотқа бүкіл процестік құжаттаманы қамтитын сот құжаттарының топтамасы, соның ішінде Талап қоюшы мен Екінші жауапкер берген Негізгі ұсынымдар берілді; Сот алдында Талап қоюшы атынан Майкл Уилсон мырза, Екінші жауапкер атынан Бақыт Түкулов мырза және KPL-дан Мұхит Елеуов мырза ауызша сөйледі. Бірінші жауапкер келген жоқ.
16. Сотқа келмеген және талқылау шеңберінде ешқандай әрекет жасамаған Бірінші жауапкерге қатысты позиция түсінікті. Сот талқылау барысында туындайтын юрисдикция туралы айқын мәселені өз бастамасы бойынша қарауы және осы Жауапкерге қатысты мақсатқа сәйкес болатын кез келген бұйрық шығаруы тиіс болады.
17. Екінші жауапкер мен KPL-ге келетін болсақ, Сот олар немесе олардың қайсыбірі Соттың юрисдикциясына өз еркімен мойынсұнды деп санауға бола ма және санау қажет пе деген мәселені қараудан бастайды. Талап қоюшыдың мұны істегені туралы мәлімдемесінде басқаша болған жағдайда Конституциялық Заң мен Регламентке сәйкес бұл жағдай Соттың юрисдикциясынан тыс болатын мән-жайларда бұл Соттың ағылшын және голланд шешімдерін тану және мәжбүрлеп орындату туралы шешім шығаруына мүмкіндік беретіні білдірілген. Соттың бұл мәлімдемені қарауының қажеті жоқ, өйткені ол Екінші жауапкер мен KPL-дың юрисдикцияға қатысты қарсылықтарын Сот қарауы және шешуі мүмкін және тиіс екендігіне қанағаттанған.

18. KPL-ға қатысты айтатын болсақ, тіпті қандай да болмасын басқа жағдайларды ескермей, Регламент әрпін қатаң қолданғанның өзінде, KPL 2023 жылдың 24 ақпанындағы табыстау туралы өз растамасын оған ағылшындық компания ретінде 7.4(2) Қағидамен берілген 28 күн ішінде берген, Талап арыз Қазақстан Республикасынан тысқарыда табысталған. 8.2 Қағидаға сәйкес, ол юрисдикцияны даулауға ниетті екенін көрсеткен. Осыдан кейін ол 8.4(1) Қағидада қарастырылған 14 күндік мерзім ішінде юрисдикцияны даулау туралы 2023 жылдың 9 наурызындағы арызды берген.
19. Екінші жауапкерге келетін болсақ, ол қазақстандық компания болғандықтан, 2023 жылдың 24 ақпанындағы табыстау туралы оның растамасы 7.4(1) Қағидада қаоастырылған 14 күндік мерзім шегінен асады. Осыдан кейін ол 2023 жылдың 16 наурызында, яғни 8.4(1) Қағидада қарастырылған 14 күн ішінде юрисдикцияны даулау туралы арыз берген.
20. Жақшада атап өтуге болатын жай - өкінішке қарай, Соттың бұйрығында ол Талап арызды тіркеу туралы хабарлаған кезде Жауапкерлер Қарсылықты 2023 жылдың 10 наурызына дейін беруі тиіс деп көрсетілген және де Регламенттің табыстауды ертерек растау туралы талабына ешқандай сілтеме жасалмаған. Әзірге Қағидалар қазіргі түрінде қалып отырған жағдайда, Соттың болашақта табыстауды растау туралы талапқа сілтеме жасауы немесе еске салуы қажет болады. Екінші жауапкер мұндай растаманы шынымен табыстағандықтан, Соттың Қарсылықты 2023 жылдың 10 наурызына дейін беру жөніндегі сілтемесі оны жаңылыстырғаны немесе оған әсер еткені айқын емес.
21. Мыналар әлдеқайда маңызды болып табылады:
- а. Соттың Талап арыздың нысаны «Талап қоюшының пікірінше, олардың арызына қатысты Соттың юрисдикциясы үшін негіз беретін» және «Соттың юрисдикциясы бар екенін растайтын негіз» беретін заң ережесі талап етілетін Ескертпелерге сәйкес келмейді деп көрсетілген және іс жүзінде жауап беріліп қойғанда, алдымен 2023 жылдың 27 ақпанына қарай, ал сосын, ұзарту тәртібімен, 2023 жылдың 10 наурызына қарай жауап беру талап етілген 2023 жылғы 15 ақпандағы электрондық хаты: жоғарыдағы 8 және 9 тармақтарды қараңыз; және
 - б. Соттың барлық Жауапкерлердің кез-келген іс-әрекетінің мерзімін, соның ішінде, атап айтқанда, Қағидалардың 7 және 8-бөліктерін сақтау мерзімін «Талап қоюшы Соттың 2023 жылғы 15 ақпандағы электрондық хатында көрсетілген талаптарға сәйкес немесе одан әрі қарайғы бұйрыққа дейін өзінің Арыз нысанын толықтырғаннан кейін 14 күнге дейін» ұзартуы.
22. АХҚО сотының 4.22 Қағидасының талаптары үзілді-кесілді:
- «Талап арыздың барлық нысандарында:
 - (1) Талап қоюшының пікірінше, дауды реттейтін заңнамаға сілтеме; сонымен қатар
 - (2) Талап қоюшының пікірінше, оның талабын қарауға қатысты Соттың өкілеттік аясын анықтайтын заң ережелері» болуы тиіс.
- Бұдан шығатыны, Талап арыздың нысаны толық емес болған және – қалай болғанда да, егер ол түзетілмеген болса - қараудан шығарылуы тиіс еді. Бір қарағанда, онда Конституциялық Заңның 13-бабына сілтеме бар болды, бірақ онда 13-баптың бірде-бір тиісті ережесі көрсетілмеген: жоғарыдағы 6 және 7 тармақтарды қараңыз. 13-бапқа сілтеме жасай отырып, ол сонымен қатар кейіннен Талап қоюшының негізгі аргументіне айналған, атап айтқанда - бұл істе 13-баптың қолданылуына жататын «өзінше бір талап» жоқ, сөз шетелдік соттың шешімін нақтылау қажет етілмейтін және/немесе АХҚО сотының Регламентінің 40(3) бабында ұйғарылған

юрисдикциялық негіздің негізінде орындау туралы қарапайым арыз жөнінде болып отыр деген аргументті көрсетпеген және, сонымен қоса, оған қайшы келген. Бұл мән-жайларда, сонымен қатар Соттың 2023 жылғы 15 ақпандағы электрондық хатын ескере отырып, Жауапкер талқылауға жауапты юрисдикциялық негіздер түсіндірілгенге дейін кейінге қалдырса, түсінікті болар еді. Алайда, Екінші жауапкер табыстау туралы растаманы 2023 жылдың 24 ақпанында, Талап қоюшы қандай да бір жауап бергенге дейін берген.

23. Сондықтан Сот 2023 жылдың 9 наурызында 7 және 8 бөлімдерді орындау мерзімін барлық Жауапкерлерге тікелей ұзартқаны фактісі анағұрлым сенімді болып табылады. Бұл, Соттың пікірінше, тіпті Екінші жауапкер қабылдаған қадамдарға да қатысты, ретроспективті де, сонымен қатар перспективті де әсері бар жалпы ұзарту ретінде болды. Тіпті Екінші жауапкер табыстау туралы растаманы беруді техникалық тұрғыдан кешіктірсе де, оны беру мерзімі өтіп кеткен күнмен ұзартылған, сондықтан ол уақытылы растаған.
24. Қалай болғанда да, егер жағдайды анағұрлым жалпы тұрғыдан қарастыратын болсақ, онда Қағидалар «көндіктіру көйлегі» ретінде емес, істерді әділ қарау негізгі мақсатына сәйкес (1.6 қағида) және, қажет болған жағдайда, «егер оның негізгі мақсатқа сәйкес келетініне Соттың көзі жетсе, кез келген процестік талаптан» Соттың бас тартуы жолымен қолданылуы керек (1.8 қағида). Бұл жағдайда, қалай болғанда да, бір қарағанда, Соттың өзі 2023 жылғы 15 ақпандағы электрондық хатында түзетуді талап еткен Талап арыз болды. Соттың 2020 жылғы 9 наурыздағы мерзімді ұзартуына байланыссыз, Талап қоюшыға қандай да бір Жауапкер тарапынан қандай да бір процестік әрекетті орындаудың кідірілуінен туындаған ықтималды залал көрсетілмеген. Егер Қағидалардың нормаларын сақтамау қандай да бір дәрежеде орын алған болса және орын алуы мүмкін болған болса, онда Екінші жауапкер мен KPL өздерінің талап қою бойынша юрисдикциялық наразылықтарын қорғауларына мүмкіндік беру үшін Сот бұл талап етуді жою керек деген қорытындыға белгілі бір күмәндәнусіз келді.

АХҚО сотының конституциялық юрисдикциясы

25. Бұл іс бойынша негізгі мәселе - Конституциялық Заңның 13-бабында көрсетілген юрисдикцияның кез келген бөлімін сәйкестендіретін Талап нысанының шеңберінде немесе Регламенттің 26(1) бабының шеңберінде мән-жайларды келтірусіз арыз беріп, ағылшындық немесе голландиялық сот шешімдерін тану және мәжбүрлеп орындатуға рұқсат алу мүмкін бе әлде мүмкін емес пе.
26. Алайда, осы негізгі мәселені қарастырмас бұрын, Сот KPL компаниясының ерекше жағдайына тоқталуды ұсынады. Талап арызда KPL сот шешімі бойынша борышкер ретінде емес, үшінші тараптың борышкері ретінде көрсетілген, мұны Сот Талап қоюшы үшінші тараптың Ұлыбританиядағы қарызы туралы бұйрық алуға құқығы бар және қандай да нысанда алған және егер барлық тиісті ұйымдарға қатысты юрисдикция тиісті түрде анықталатын болса, мұндай бұйрықты Қазақстанда да алуға құқығы бар бола алатын Бірінші және/немесе Екінші жауапкер алдында KPL-дың қарызы бар деген Талап қоюшының мәлімдемесін түсінеді. Талап қоюшының дәлелдері бұған қатысты қаншалықты дайындалғаны дәрежесінде олар жоғарыдағы 4a, b және c тармақтарында көрсетілген.
27. Егер негізгі мәселе - юрисдикция мәселесін былай қоя тұрсақ, онда, Соттың пікірінше, Талап қоюшы KPL-дың осы талап қоюға қосылуы үшін ешқандай негіз келтірген жоқ. Бұл бірқатар себептермен түсіндіріледі:
- а. Біріншіден, ағылшындық және голландиялық сот шешімдері - бұл танылуы және орындалуы талап арызда сұралып отырған жалғыз сот шешімдері және олар KPL-ға қарсы бағытталмаған.

- b. Екіншіден, егер қандай да бір мағынада KPL Екінші жауапкермен ассимиляцияланған болып саналса, KPL ортақ жауапкер ретінде (мысалы, қажетті немесе тиісті тарап ретінде) тартылуы мүмкін деп болжай отырып, бұны мәлімдеу мен дәлелдеудің уақыты мен орны Англиядағы сот талқылауының барысы болды. Мұндай жағдайда, егер бұл мақсатқа сәйкес болған болса, сот шешімін онда KPL-ға (сонымен қатар Екінші жауапкерге қатысты немесе оған қосымша) қатысты шығарып, кейіннен Нидерландыда Брюссель-1 режиміне сәйкес тануға болатын еді.
 - c. Үшіншіден, Екінші жауапкерге қатысты ағылшындық (немесе Брюссель-1 режиміне сәйкес - нидерландылық) сот шешімін алу, содан кейін тану және орындау туралы арызға басқа заңды тұлғаға қатысты шешім шығару туралы арызды қосуға тырысу, керісінше, бәлкім, мүмкін емес. Тану және орындау дәл осыны білдіреді - басқа заңды тұлғаны қамту мақсатында оны кеңейту немесе өзгерту емес, шетелдік сот шешіміне қатысты тану және орындау.
 - d. Төртіншіден, 2023 жылғы 10 ақпанда берілген Талап арызда үшінші тұлғалардың берешегі туралы, Талап қоюшы кейіннен өзінің 2023 жылғы 11 мамырдағы жазбаша ұсынымдарында сілтеме жасаған сот бұйрығын мәжбүрлеп орындату туралы талап немесе өтініш жоқ (жоғарыдағы 4-тармақты қараңыз).
 - e. Бесіншіден, тіпті мұндай талап немесе арыз болғанымен де, Талап қоюшы Сотқа 2023 жылғы 10 тамызда жіберген құжаттардан (i) 2019 жылғы 7 мамырдағы бұйрық KPL-дың Екінші жауапкер алдындағы кез-келген қарызын тоқтату туралы уақытша бұйрық қана болғаны, (ii) ол KPL қорғаудан шеттетілуі, ал Талап қоюшы, егер KPL белгілі бір талаптарды орындамаса, «өтініш беруге және соңғы TPDO [яғни, үшінші тараптың қарызы туралы бұйрық] алуға құқылы болуы тиіс болған» 2021 жылдың 9 желтоқсанындағы қорғау құқығынсыз (күрделі) бұйрыққа әкелгені, алайда, қорғау құқығынсыз Бұйрықта KPL белгілі бір жағдайларда өзгерту туралы өтініш беруге құқылы болуы мүмкін екендігі тікелей көзделгені iii) 2021 жылғы 9 желтоқсандағы және 2023 жылғы 4 тамыздағы, сондай-ақ Сотқа 2023 жылғы 10 тамызда жіберілген құжаттамада қамтылған бұдан әрі қарайғы өкімдер бұл шын мәнінде дәл осылай болғанын және үшінші тараптың қарызы туралы қандай да бір Түпкілікті бұйрық шығарылуы керек пе деген мәселе Англияда жалғасып жатқан сот талқылауының тақырыбы болып табылатынын айғақтайтыны, (iv) қысқаша айтқанда, бүгінгі күнге дейін KPL-дың Талап қоюшыға қандай да бір соманы төлеу міндеттемесіне әкелетін, тану және орындау туралы талап қоюдың немесе арыздың нысанасына айналуы мүмкін үшінші тараптың қарызы туралы ешқандай Түпкілікті бұйрық жоқтығы шығады.
 - f. Алтыншыдан, егер Талап қоюшы АХҚО сотында ағылшындық және/немесе нидерландылық шешімдерді орындай алса, онда ол KPL-ға қарсы үшінші тараптың қарызы туралы сот бұйрығын талап етуі немесе қандай да бір негізде алуы мүмкін деген ой-пікір тану және орындау туралы осы талқылауға KPL қосылуы үшін негіз болып табылмайды.
 - g. Сондықтан, юрисдикцияның негізгі мәселесінің мәніне байланыссыз, Сот KPL-ға қатысты сот талқылауы заңсыз және қабылдауға келмейді деп шешетін еді. Сот егер KPL-ға қарсы іс осы негіздер бойынша тоқтатылмағанда, кейіннен ол ұсынылып, Бірінші және Екінші жауапкерлерге қатысты талқыланатын және анықталатын конституциялық қарсылықтар себебі бойынша өтпейтін еді деп қана қосады.
28. Сот Бірінші және Екінші жауапкерлерге қатысты негізгі юрисдикциялық мәселені қарауға көшеді. Талап қоюшының ағылшындық және голландиялық сот шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды тану және шешу туралы арызы Талап қоюшы Конституциялық Заңның 13-бабында және АХҚО соты Регламентінің 26(1) бабында көрсетілген юрисдикция шеңберінде берген талап қою болып табыла ма. Бұл Регламентке сәйкес кез-келген осындай юрисдикция көрсетілетін Талап қою нысаны қажет етілетін талап ету болып табыла ма? Екінші жауапкер мен KPL бұл осындай нысан қажет етілетін талап ету және іс Сот юрисдикциясының қолданыстағы

баптарының ешқайсысының аясына жатпайды деп мәлімдейді. Соттың юрисдикциясы, олардың пікірінше, нақты шектелген.

29. Талап қоюшы бұл Қағидаларда көрсетілген мағынадағы талап қою емес, оның пікірінше, басқа жүйелерде тез және рәсімділіксіз тануға және орындауға әкелетін типтегі қарапайым Арыз деп санайды. Талап арызды тіркеу, іс жүзінде, тану және орындау процесінің бастамасы ғана болды. Мұндай қарапайым арыздың юрисдикциялық негізін анықтау үшін Конституциялық Заңға немесе Сот Регламентіне жүгінудің қажеті жоқ еді. Талап қоюшының пікірінше, егер мұндай тетігі болмағанда және оны ұсынбағанда, АХҚО соты негіздей алмас еді, ал Конституциялық Заң мен Регламент, бірге алғанда, оның пікірінше, мұндай тетікті тікелей көздейді.
30. Осыған байланысты Конституциялық Заң мен Регламенттің тиісті бөліктерін баяндау қажет. Заңда келесі ережелер бар:

«13-бап. Орталықтың соты

1. Осы баптың 4-тармағында көзделген дауларды сот қарауын Орталықтың соты ғана жүзеге асырады, оның мақсаты тараптардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау, Орталықтың қолданыстағы құқығының орындалуын қамтамасыз ету болады.
4. Орталықтың соты қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізуді жүзеге асырмайды және мыналарға:
 - 1) Орталық қатысушыларының, Орталық органдарының және (немесе) олардың шетелдік жұмыскерлерінің арасында туындайтын дауларды қарау мен шешуге;
 - 2) Орталықта жүзеге асырылған және Орталықтың құқығына бағынысты кез келген операцияға қатысты дауларды қарау мен шешуге;
 - 3) тараптардың келісімі бойынша Орталықтың сотына берілген дауларды қарау мен шешуге қатысты айрықша юрисдикцияға ие болады.
5. Орталықтың соты өз қызметінде Англияның және Уэльстің процестік қағидаттары мен нормаларына және (немесе) әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделуге тиіс болатын Кеңестің «Астана» халықаралық қаржы орталығының соты туралы» қаулысын басшылыққа алады.

Кеңестің «Астана» халықаралық қаржы орталығының соты туралы» қаулысында соттың құрамы, соттың лауазымды адамдарын лауазымға тағайындау және лауазымынан босату тәртібі, судьяларға және соттың лауазымды адамдарына қойылатын біліктілік талаптары және Орталық сотының жұмыс істеуіне қатысты басқа да мәселелер айқындалады
7. Орталықтың апелляциялық сотының шешімдері түпкілікті болып табылады, шағым жасауға жатпайды және барлық жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылады.
8. Қазақстан Республикасында Орталық сотының шешімдерін орындау Қазақстан Республикасы соттарының сот актілерін орындау сияқты сол бір тәртіппен және сол бір шарттарда жүзеге асырылады. Бұл ретте Орталық актілерінде айқындалған тәртіппен Орталық соты шешімдерінің қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қамтамасыз етілуге тиіс
9. Орталықтың аумағында Қазақстан Республикасы соттарының шешімдерін орындау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
10. Орталықтың соты Орталық актілерінің нормаларын түсіндіру бойынша айрықша

құзыретке ие болады

14-бап. Халықаралық төрелік орталығы

1. Халықаралық төрелік орталығы тараптар арасында төрелік келісім болған жағдайда дауларды қарайды.
 2. Халықаралық төрелік орталығы Кеңестің «Халықаралық төрелік орталығы туралы» қаулысына сәйкес қалыптастырылады және жұмыс істейді.
 3. Қазақстан Республикасында Халықаралық төрелік орталығының шешімдерін тану және орындау Қазақстан Республикасындағы төреліктер шығарған төрелік шешімдерді тану және орындау сияқты сол бір тәртіппен және сол бір шарттарда жүзеге асырылады. Бұл ретте Орталықтың актілерінде айқындалған тәртіппен Халықаралық төрелік орталығы шешімдерінің қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қамтамасыз етілуге тиіс.
 4. Орталықтың аумағында төреліктердің шешімдерін тану және орындау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
31. АХҚО сотының Регламентінде бұл ережелер, топшыланатындай, елеулі айырмашылықтары жоқ тұжырымдарда көрсетілген. Олар мыналарды көздейді:

«5-БӨЛІМ: СОТТЫҢ ЮРИСДИКЦИЯСЫ

26. Соттың юрисдикциясы

- (1) Сот төмендегілерге қатысты Конституциялық заңның 13-бабында көзделген айрықша құзыретке ие:
 - (a) Орталықтың қатысушылары, Орталықтың органдары және/немесе олардың шетелдік қызметкерлері арасында туындайтын кез келген дауларды қарау және шешу;
 - (b) Орталықта жүзеге асырылған және Орталықтың құқығына бағынысты кез келген операцияларға қатысты кез келген дауларды қарау және шешу;
 - (c) тараптардың келісімі бойынша Орталықтың Сотына берілген кез келген дауларды қарау және шешу; сондай-ақ
 - (d) Орталық актілерінің нормаларын түсіндіру.
- (2) Осы бапта көзделген тараптар арасындағы «дауларға» сілтеме мәмілелер, келісімшарттар, келісімдер немесе өзге де инциденттер нәтижесінде туындайтын азаматтық немесе коммерциялық дауларға қолданылады.
- (3) Осы бапта «тараптардың келісімі бойынша Сотқа берілген» деген сөздерге сілтеме барлық тараптарға, соның ішінде АХҚО-да тіркелмеген тараптарға, олар дауға дейін немесе одан кейін Сот юрисдикциясына келіскен жағдайда, қолданылады.
- (4) Соттың қылмыстық немесе әкімшілік сипаттағы кез келген дауларға қатысты юрисдикциясы жоқ.
- (5) Бірінші сатыдағы сот АХҚО органдарының, АХҚО ұйымдардың немесе қатысушыларының шешімдеріне апелляцияларды Конституциялық заңда, осы Регламентте, Сот қағидаларында немесе АХҚО-ның төмендегілерге қатысты басқа да регламенттерінде көзделгендей қарастырады:
 - (a) құқық мәселелері;
 - (b) сот талқылауындағы қателік туралы тұжырымдар;
 - (c) процестік әділдік туралы мәселелер; немесе
 - (d) АХҚО құқығымен көзделген немесе оған сәйкес мәселелер.

Бірінші сатыдағы соттың осы мәселелер бойынша шешімдері түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

32. Бұдан әрі қарай Регламентте мыналар көзделген:

«40. Сот шешімдерінің орындалуы

- (1) Соттың шешімдері, бұйрықтары, нұсқаулары, Сот таныған төрелік шешімдер Сот шығарған атқарушы құжатқа сәйкес АХҚО-да орындала алады;
- (2) Сот шешімдері, бұйрықтары, нұсқаулары және АХҚО төрелігі берген және Сот таныған төрелік шешімдер АХҚО-да және Қазақстан Республикасында Конституциялық заңға сәйкес орындала алады.
- (3) Сот сот шешімдері мен төрелік шешімдерді орындау бойынша қағидалар немесе Регламенттік нұсқаулар шығара алады».

33. Конституциялық заңның 14-бабына сәйкес қабылданған АХҚО-ның 2017 жылғы 5 желтоқсандағы Төрелік регламентінде мынадай ережелер бар:

«3-БӨЛІМ: ТӨРЕЛІК ШЕШІМДЕРДІҢ ТАНЫЛУЫ МЕН ОРЫНДАЛУЫ

45. Төрелік шешімдердің танылуы мен орындалуы

1. Төрелік шешім ол қабылданған мемлекетке немесе юрисдикцияға байланыссыз, АХҚО-да міндетті болып танылады және АХҚО Сотына берілген жазбаша өтініштің негізінде осы Актінің ережелерін және осы Актінің 46, 47 баптарының ережелерін ескерумен орындалады. Күмән тудырмас үшін, Қазақстан Республикасы сот шешімдерін, төрелік шешімдерді өзара тану және орындау туралы шарт жасасқан жағдайларда АХҚО соты осындай шарттың талаптарын сақтауы тиіс.
2. Шешімге сүйенетін немесе оны орындау туралы өтініш беруші Тарап түпнұсқа шешімді немесе оның тиісті түрде куәландырылған көшірмесін және осы Актінің 15-бабында көзделген түпнұсқа төрелік келісімді немесе оның тиісті түрде куәландырылған көшірмесін ұсынуы тиіс. Егер төрелік шешім немесе келісім ағылшын тілінде жасалмаса, АХҚО соты тараптан тиісті түрде куәландырылған аударма беруді талап ете алады.
.....»

34. АХҚО-ның қызметі мен юрисдикциясын реттейтін құқықты дұрыс түсінудің бастапқы нүктесі Конституциялық заң болып табылады. Сот Регламенті мен АХҚО Төрелік регламенті Конституциялық заңның негізінде қабылданған көмекші құқықтық актілер болып табылады – соның ішінде, Сот Регламенті жағдайында - аталған Заңның 13(5) бабының негізінде, ал Төрелік регламент жағдайында - аталған Заңның 14-бабының негізінде. Бәлкім, Сот Регламентінің тікелей негізі болып табылатын 13(5) бапта белгілі бір икемділік бар шығар. Бұл осы жағдайлардың қайсысында қаншалықты болуы мүмкін екенін мен анықтай алмадым және мен бұл туралы өз пікірімді білдірмеймін. Бұның осы істе маңызы болуы мүмкін еді деген болжам айтылған жоқ.

35. Конституциялық Заңның 13 және 14-баптарында көзделген және Сот Регламентіне және АХҚО Төрелік регламентіне сәйкес жүзеге асырылатын юрисдикция, сипаты бойынша ерекше (яғни, 13-бапта көзделген барлық жағдайларда ерекше) болғанымен, өзінің мәні бойынша нақты, мұқият тұжырымдалған және қатаң шектелген болып табылады.

36. Осыған байланысты Конституциялық Заңның 13(9) және (10) баптарында (а) АХҚО сотының Қазақстан Республикасындағы және (б) Қазақстан Республикасы соттарының АХҚО-дағы шешімдерін тану және орындау туралы өзара келісілген ережелер қамтылғанын атап өткен жөн. Конституциялық заңда сот шешімдерін тану және орындау туралы басқа ештеңе аталмайды. Онда Қазақстаннан тысқарыдағы юрисдикция соттарының шешімдерін тану немесе

орындау бойынша қандай да бір юрисдикция беретін немесе топшылайтын ештеңе жоқ.

37. Халықаралық төрелік орталыққа («ХТО») қатысты 14-баптың да қолдану аясы шектеулі. Онда (i) ХТО шешімдерін Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының төрелік мекемелерінің шешімдерімен тең дәрежеде тану және орындау және (ii) Қазақстан Республикасындағы аралық соттар [sic] шығарған шешімдерді АХҚО-да тану және орындау көзделген.
38. Аталған конституциялық ережелер АХҚО және ХТО Регламенттерінде егжей-тегжейлі қарастырылған, менің жағдайымда олар мұқият талдаудың пәні болған жоқ. АХҚО соты Регламентінің 40(1) бабы «АХҚО шегінде» тек АХҚО сотының шешімдерін, бұйрықтары мен нұсқауларын, сондай-ақ АХҚО соты таныған төрелік шешімдерді ғана орындауды көздейді. 40(2) бап «АХҚО-да және Қазақстан Республикасында Конституциялық заңға сәйкес» АХҚО сотының шешімдерін, бұйрықтарын немесе нұсқауларын да, сондай-ақ «АХҚО-да төрелік шығарған, Сот таныған төрелік шешімдерді» де орындауды көздейді. Қазір АХҚО-ның «шеңберінде» немесе АХҚО-»да» тану немесе орындау дегеніміз осы мәнмәтінде нені білдіретінін анықтауға тырысып көру керек жағдай емес. Алайда, Конституциялық заңға сілтемеде осы Заңның АХҚО сотының шешімдеріне қатысты 13(8) бабы және Заңның ХТО төрелік шешімдеріне қатысты 14(3) және, бәлкім, (2) бабы кіруі немесе кем дегенде қамтылуы тиіс. АХҚО соты Регламентінің 40(2) бабын (шешімдердің АХҚО сотында да, сол сияқты Республикада да орындалуына қатысты) «АХҚО-да қаралатын төрелік талқылаулар бойынша» шешімдермен әбден шектеу АХҚО Төрелік регламентінің «кез келген төрелік шешімді, ол шығарылған мемлекетке немесе юрисдикцияға байланыссыз», «АХҚО шегінде» тану және орындау туралы 45(1) бабының анағұрлым ауқымды ережесіне қайшы келеді. Оның үстіне, «АХҚО шегінде» деген сөздер нақты нені білдіретінін қарастырудың қажеті жоқ. Алайда ХТО төрелік шешімдері мен шетелдік шешімдерге қатысты айырмашылық айқын.
39. Сонымен, заң шығарушылар осы ережелерде Қазақстанда және одан тыс жерлерде шығарылған сот шешімдері мен төрелік шешімдердің аражігін мұқият бөліп көрсеткен. Жергілікті қазақстандық соттың шешімдері Қазақстанда және АХҚО-да қандай да бір шектеулерсіз орындалуға жататыны сияқты, АХҚО сотының шешімдері АХҚО-да да, сол сияқты Қазақстан Республикасында да қандай да бір шектеулерсіз орындалуға жатады. Егер төрелік талқылау АХҚО-да өтіп, шешімді АХҚО соты таныған болса, төрелік шешімдер АХҚО-да және Қазақстан Республикасында орындалуға жатады. Алайда, басқа жағдайларда төрелік шешімдер тек «АХҚО шегінде» орындалуы мүмкін. Бұл жерде Қазақстаннан тыс жерлерде шығарылған сот шешімдерін АХҚО сотында да, Қазақстан Республикасында да орындауға қатысты ережелердің жоқтығы да назар аудартады.
40. Конституциялық заңда да, Сот Регламентінде де, Төрелік регламентте де шетелдік соттардың шешімдерін қандай да бір тиісті шарт жоқ болған жағдайда тануға немесе орындауға тікелей нұсқау жоқ. Шетелдік шешімдерге, сөзбен айтқанда «ол шығарылған мемлекетке немесе юрисдикцияға байланыссыз» тікелей қатысты болып табылатын Төрелік Регламенттің 45(1) бабымен де параллель жоқ. Алайда ХТО Төрелік регламентінің 45(1) бабында мыналарды көздейтін екінші сөйлем бар:

«Күмән тудырмас үшін, Қазақстан Республикасы сот шешімдерін, төрелік шешімдерді өзара тану және орындау туралы шарт жасасқан жағдайларда АХҚО соты осындай шарттың талаптарын сақтауы тиіс».

Егер біз бұл ұсынысты мәнмәтінінде қарастыратын болсақ, онда ол тек кез-келген келісімге ғана, мысалы, төрелікке немесе төрелік шешімдерді орындауға олардың тиісті шетелдік юрисдикцияда сот шешімдеріне айналдырылған-айналдырылмағанына байланыссыз қатысты болып табылатын Нью-Йорк конвенциясына жататын болуы әбден мүмкін. Басқаша айтқанда, бұл 45(1) баптың бірінші сөйлемінің әрекетіне қатысты болып табылатын ескертпе. Оның

тұжырымдамасы мен мәнмәтінін ескере отырып, оны шетелдік сот шешімдерінің орындалуына қатысты тәуелсіз ереже ретінде қарастыру қисынсыз болып көрінеді. Қалай болғанда да, осы істе ағылшындық және нидерландылық сот шешімдері бойынша шешімдердің орындалуын талап етуге негіз болатын қандай да бір тиісті келісімнің бар екендігі туралы ешқандай жорамал жоқ. Егер Ұлыбритания немесе Нидерланды мен Қазақстан Республикасы арасында сот шешімдерін өзара тануды және орындауды көздейтін осындай тиісті келісім болса, АХҚО сотының позициясы қандай болар еді деген мәселені қарау қажет емес. Егер мұндай мәселе туындаған болса, онда Конституциялық заңның 4-бабында баяндалған АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасы туралы ережелерге ерекше назар аудару қажет болатыны сөзсіз.

41. Талап қоюшы, алайда, қандай да бір шарт жоқ болған жағдайда АХҚО сотының шетелдік соттардың шешімдерін тану юрисдикциясы бар екенін көрсететін Сот Регламентінің 40(3) бабына сілтеме жасайды. Осы бап (жоғарыда 31-тармақта көрсетілгендей) «Соттың сот шешімдері мен төрелік шешімдерді орындау бойынша ережелер немесе практикалық нұсқаулықтар шығара алатынын» регламенттейді. Мұндай ережелер немесе практикалық нұсқаулар шығарылған жоқ. Алайда, Талап қоюшы олар қабылданған болуы мүмкін екенін немесе қабылдануы тиіс болғанын; осы бап АХҚО сотының шетелдік сот шешімдерін тану және орындау бойынша юрисдикциясы бар болуы тиістігін, кем дегенде, нұсқайтынын; Сот осы юрисдикцияны іске асыруы тиістігін және оны қазіргі уақытта жасау үшін өз процедураларын әзірлеуі керектігін мәлімдейді.
42. Сот қағидалардағы немесе практикалық нұсқаулардағы айқын олқылықтың орнын толтыру жолын таба алатын және табуы керек жағдайлар болуы мүмкін. Сот осы жағдай ондай болып табылмайды деп санайды. 40(3) баптың тұжырымы Конституциялық заңның 10-бабына сәйкес әрекет ететін АХҚО Басқару кеңесінің «басқа сот шешімдері және төрелік шешімдерді одан әрі қарай орындау» туралы ешқандай ережелер енгізбей, Сотқа мұны болашақ қағиданың немесе практикалық нұсқаулықтың көмегімен жасау мүмкіндігін беру айқын ниетін көрсетеді. Сот Регламентінің 30(1) бабына сәйкес, кез келген осындай ережені немесе практикалық нұсқаулықты Төраға, әрине, мұқият қаралғаннан кейін қабылдауы тиіс. Бірде-бір мұндай қағида немесе нұсқау қабылданбаған және, жоғарыда айтылып кеткендей, Төрағаның мұндай ережелерді қабылдамау туралы шешімі ретінде қарастырылуы тиіс нәрсені Соттың нақты іс бойынша өз шешімімен өзгертуіне немесе ауыстыруына ешқандай негіз жоқ.
43. Оның үстіне, 40(3) бапты шетелдік сот шешімдерін тануға немесе орындауға қатысты деп түсіндірудің қиындығы Конституциялық Заңда және Регламентте бұлай қолдану үшін юрисдикциялық негіздердің жоқтығында болып табылады. Бұл ереже Конституциялық заңмен шешілмеген қолдану аясы бар деп түсіндірілмеуі тиіс, бұл, істің қисыны бойынша, оның осы тұрғыдан жарамсыздығын білдірер еді.
44. Талап қоюшы риторикалық сұрақ қояды: Сот Регламентінің 40(3) бабы тағы нені білдіруі мүмкін? Соттың пікірінше, бұл сұрақтың бірінші жауабы - «басқа сот шешімдері және төрелік шешімдерді одан әрі қарай орындау үшін» қағидалар немесе практикалық нұсқаулар қажет немесе орынды болуы мүмкін жағдайлар бар екендігінде. Мысалы, Конституциялық заңның 13(9) бабының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстанның ұлттық соттарының шешімдерін орындау туралы ережесін алайық. АХҚО қағидалары мен практикалық нұсқаулары бұның орын ала алуы немесе кедергісіз өтуі үшін қажет немесе мақсатқа сәйкес деп болжауға болады.
45. Балама ретінде АХҚО сотының «айрықша» юрисдикциясына қарамастан және, бәлкім, тіпті қарсылықсыз да, шетелде АХҚО қатысушылары немесе органдары, олардың қызметкерлері арасында немесе АХҚО қызметімен байланысты сот талқылауы жүргізіліп жатқан, нәтижесінде

тараптардың бірі АХҚО сотының оны тануын немесе орындатуын қалайтын жайтты қарастыруға болады. Бұл жағдайда талап қою 13-баптағы юрисдикция анықтамасының аясына тікелей түсуі мүмкін. Осындай жайтты қамту үшін, тіпті егер алыс деп қарастырыла алса да, қағидалар мен нұсқаулар мақсатқа сәйкес саналуы мүмкін.

46. Бұл ретте осы талқылау Конституциялық заңның 13 немесе 14-баптарындағы және Сот Регламентінің 26 және 30-баптарындағы юрисдикциялардың кез келгенінің аясына түсетіндігімен ақталатыны туралы ешқандай жорамал жасалмайды.
47. Сонымен, қорытындысында, Талап қоюшы АХҚО сотының юрисдикциясы арнайы және аражігі мұқият бөлініп көрсетілген деген мәселеге кезігеді. АХҚО соты жалпы, оның үстіне ажырамас юрисдикциясы бар сот болып табылмайды. Сондықтан Сот Регламентінің 40(3) бабы туралы Талап қоюшының Соттың 40(3) Регламенті туралы риторикалық сұрағына екінші жауап – Соттың 40(3) Регламентін ауа қармау ретінде қарастырғанның өзінде, ол жоқ болып табылатын және Конституциялық Заң мен Регламентте ол үшін негіз жоқ болып табылатын юрисдикцияны жасай алмайды.
48. Талап қоюшы шетелдік шешімдерді тану және орындау кез-келген заманауи коммерциялық соттың стандартты функциясы болып табылады және мұндай процедурасыз АХҚО соты өз функциясын және одан күтілетінді орындай алмайды деп мәлімдейді. Алайда, заң негізінде құрылған бірде-бір сот немесе трибунал юрисдикцияның өздері құрылған шектерін ескермеуі мүмкін емес.
49. Әдетте Нью-Йорк конвенциясына немесе ICSID конвенциясына сүйенетін екіжақты инвестициялық шарттар бойынша төрелік талқылаулар шеңберінде туындайтын процедураларға жасалған сілтемелер мәжбүрлеп орындату жөнінде сөз болғанда көмектеспейді. Шарттың және арнайы заңнаманың (мысалы, Ұлыбританияның 1933 жылғы «Шетелдік сот шешімдері туралы (өзара орындау)» Заңы) немесе нормативтік актілердің (мысалы, ЕО-ға мүше мемлекеттер арасындағы Брюссель-1 регламенті) негізіне құрылған шетелдік сот шешімдерін тану мен орындаудың жеңілдетілген процедураларына сілтемелер де көмектеспейді. Талап қоюшының бұған қатысты мәлімдемелері жалпы заң бойынша халықаралық құзыретті соттың шетелдік шешімі несие беруші талап қоя алатын міндеттеме қалыптастырушы ретінде қарастырылатындығын ескермейді: мысалы, Dicey, Morris & Collins, Conflict of Laws (16-шы басылым) 14-007 және одан кейінгі тармақтарды қараңыз. Алайда, кез-келген басқа да жеке талап қоюдағы сияқты, осы мақсат үшін де міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету талап етілген юрисдикцияда борышкерге қатысты юрисдикцияны белгілеу қажет: мысалы, Dicey, Morris & Collins, 11-тарау, 11R-001 және одан кейінгі тармақтарды қараңыз.
50. Басқа халықаралық коммерциялық соттардың позицияларына, егер олардың тиісті және әртүрлі өкілеттіктері ескерілмесе, сілтеме жасаудың мәні жоқ. Дубай Халықаралық қаржы орталығының соты (бұдан әрі – ДХҚО) ие деп мәлімделетін шетелдік сот шешімдерін тану және орындау бойынша жалпы өкілеттіктерге қатысты айтатын болсақ, онда, мысалы, Дубайдың Сот билігі туралы 2004 жылғы № 12 Заңының (соның ішінде, 5(a)(1)(d) және 7(4)баптарының) және оның негізінде қабылданған АХҚО-ның Сот туралы 2004 жылғы № 10 Заңының (соның ішінде, 19(1)(d) және 24(1)(a) баптарының) тікелей ережелерін қарастыру орынды.
51. Талап қоюшы АХҚО соты қазір сөз болып отырғанмен тектес шешімдерді тану және орындау қажеттігі ескеріле отырып құрылды деген өз пікірін негіздемейді. Сірә, мұның керісі дұрыс болар, өйткені Конституциялық заң, сондай-ақ АХҚО сотының Регламенті мен АХҚО Төрелік регламенті шешімдер мен қаулылар таныла және орындала алатын жағдайлардың аражігін мұқият бөліп көрсетеді.

52. Талап қоюшының пікірінше, АХҚО соты халықаралық құзыретті соттың кез келген шетелдік шешімін іс жүзінде автоматты түрде тануға және орындауға рұқсат бере алады және беруі тиіс және осы арқылы бұл шешімді АХҚО сотының шешімі ретінде тек АХҚО шегінде ғана емес, сонымен қатар АХҚО сотының 40(2) Регламентіне сәйкес Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындауға жататын етеді. Бұл әдеттегі қазақстандық заңнаманың шетелдік сот шешімдерін тану мен орындауға қатысты кез келген ережелерін айналып өтуге мүмкіндік береді. Бұл сонымен қатар осы істің қалаулы нәтижесі болып табылады. Талап қоюшы Қазақстанның жалпы юрисдикция соттарында ағылшындық және голландиялық сот шешімдерін орындауға талпыныс жасап көрген. Алматы қалалық сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2006 жылғы 5 шілдедегі апелляциялық ұйғарымымен күшінде қалдырылған Алматы қаласының Арнайы ауданаралық экономикалық сотының 2006 жылғы 17 мамырдағы қаулысымен бұл талпыныс қабылданбай тасталған. Қабылданбау мұндай тану немесе орындау көзделген немесе оларға мүмкіндік беретін тиісті шарт немесе заң Қазақстанда жоқтығымен уәжделген. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 501-бабында шетелдік шешімдер мен қаулыларды жалпы юрисдикция соттарының тануы және орындауы, бірақ заңда немесе Республика ратификациялаған халықаралық шартта айқындалған шарттармен және тәртіппен ғана тануы және орындауы көзделген. АХҚО соты бұл Қаулының АХҚО сотында заңды күші («res judicata») бар екендігімен келіспегенімен, Талап қоюшының ісі бойынша шешім қабылданған жағдайда, ол танылуы және орындалуы Қазақстан Республикасының әдеттегі заңнамасына сәйкес көзделмеген сот шешімін Талап қоюшының жанама түрде орындауы мүмкіндігіне ие болатын тамаша әсердің көрінісі болып табылады.
53. Ең соңында, Талап қоюшының осы іс Конституциялық Заңда және/немесе Сот Регламентінде нақты соттылықты анықтау қажет болатын кез келген талап қоюға немесе дауға емес, арыз берілуімен байланысты екендігі туралы ұсынысы жөнінде Сот бірауыз сөз айтуы керек. Соттың бұған дейін айтқандарынан бұл ұсыныстың қауқарсыздығы көрінеді. АХҚО сотының аражігі айқын бөлініп көрсетілген юрисдикциясы бар, ол 13-бапта тізілген тармақтарға қатысты әбден толық болып табылады. Ондағы кез-келген талқылау Конституциялық заңға сілтеме жасалған юрисдикцияны көрсете отырып, талап/арыз нысанын толтырудан басталуы тиіс. Бұл мәнмәтінде, ең алдымен, 13 және/немесе 14-баптар туралы сөз болып отыр (АХҚО сотының Регламентін және/немесе АХҚО Төрелік регламентін ескере отырып, қажетті және орынды дәрежеде). Кейбір жағдайларда 4-бап қолданылуы мүмкін екендігі (мысалы, жоғарыдағы 40-тармақты қараңыз) бұл жерде одан әрі қарай қарауды қажет етпейді. АХҚО сотында талқылау, 4.1-ережеде көрсетілгендей, «Сот Талап қоюшының талабы бойынша Талап арыз нысанын берген кезде» басталады. Талқылау сонымен қатар Талап қоюшы АХҚО сотында шешуге талпынатын даумен де байланысты екені айқын, бұған тым болмағанда Жауапкерлер мен KPL-дың Англия мен Нидерланды соттарының шешімдерімен таныспағандықтары және / немесе оларды АХҚО соты тани және орындай алатындығымен келіспеулері себеп болады. Ақыр соңында, әрине, қозғалған іс өндірісі барысында АХҚО сотының Қағидаларына сәйкес тиісті түрде өтініштер беріле алады, бірақ бұл енді басқа мәселе.
54. Осы себептердің барлығына байланысты Сот осы талқылауды үш жауапкердің кез келгеніне қатысты қарауға өзінің юрисдикциясы жоқ екенін мәлімдейді және (8.8(1) Қағидаға сәйкес) Талап арыздың күшін жояды және талқылауды барлық үш жауапкерге қатысты тоқтатады.
55. Осы шешім қабылданған күннен бастап 10 күннің ішінде жазбаша түрде жасалуы тиіс қарама-қарсы арыз болған жағдайда, Екінші жауапкер мен KPL компаниясының шығындарын Талап қоюшы төлеуі тиіс. Екінші жауапкер мен KPL осы шешім қабылданған күннен бастап 10 күннің ішінде осындай шығыстардың мөлшері туралы ақпарат ұсына алады, Талап қоюшы оған мұндай ақпаратты алғаннан кейін келесі 10 күннің ішінде жауап бере алады. Осыдан кейін Сот төленетін шығындардың мөлшерін анықтайды.

Сот қабылдады,

Лорд Манс,
Сот Төрағасы, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан Майкл Уилсон мырза өкілдік етті, Серіктес,» Michael Wilson & Partners, Ltd», Алматы, Қазақстан.

1-жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.

2-жауапкердің атынан Бақыт Тукулов мырза өкілдік етті, Серіктес, «Tukulov & Kassilgov Litigation» ЖШС, Алматы, Қазақстан.

3-жауапкердің атынан өкілдік еткендер:

1. Мұхит Елеуов мырза, Серіктес, «Kinstellar» ЖШС, Алматы, Қазақстан
2. Дина Беркалиева ханым, Аға заңгер, «Kinstellar» ЖШС, Алматы, Қазақстан